



**АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУ
АСПЕКТІЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ
(ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНА ЖӘНЕ КӘСІБИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ) ЖЫЛ САЙЫНҒЫ
АРНАЙЫ ОҚЫТУЛАР ӨТКІЗІЛДІ (2024 ЖЫЛ)**



Ахмет Ясауи университеті экологиялық тұрақты даму қағидаттарын ұстану мақсатында оқытушылар құрамына және кәсіби қызметкерлерге жыл сайын арнайы оқыту бағдарламаларын ұйымдастырады. Бұл оқыту курстары қоршаған ортаны қорғау, жасыл технологияларды қолдану, экологиялық жауапкершілік, энергия тиімділігі, қалдықтарды басқару және климаттың өзгеруіне бейімделу сияқты негізгі тақырыптарды қамтиды.

Оқыту бағдарламасының ерекшеліктері:

- ✓ Жыл сайынғы семинарлар мен тренингтер – экологиялық тұрақты даму қағидаттарын түсіндіру және практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған.
- ✓ Онлайн және офлайн курстар – қызметкерлерге ыңғайлы форматта қатысуға мүмкіндік беріледі.
- ✓ Экологиялық бастамаларға қатысу – университет жасыл кампус тұжырымдамасын дамыту үшін экологиялық жобалар мен акциялар ұйымдастырады.
- ✓ Сертификаттау – оқытуды сәтті аяқтаған қатысушыларға тиісті сертификаттар беріледі.
- ✓ Ғылыми-зерттеу қызметімен байланыс – қызметкерлердің ғылыми жұмыстарына экологиялық тұрақты даму принциптерін енгізуге бағытталған әдістемелік қолдау көрсетіледі.

Бұл бастама Ахмет Ясауи университетінің қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты даму саласындағы міндеттемелерін нығайтып, қызметкерлердің экологиялық мәдениетін арттыруға ықпал етеді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ БОЙЫНША КЕЗЕКТІ ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР

https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1080774550513692&id=100057434709963&mibextid=wwXIfr&rdid=DxxaDIDQOgTMvslX#



- ◆ Тұрақты даму ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Ғылыми-зерттеу институттары арасында Тұрақты даму мақсаттары бойынша ғылыми семинар өтті.
- ◆ Семинар – Тұрақты даму мақсаттарының: «Индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым», «Жауапты тұтыну және өндіріс», «Құрлық экожүйелерін сақтау», «Тұрақты даму үшін серіктестік» тақырыптары аясында жүргізілді.

- ◆ Басты мақсат – қатысушыларға Тұрақты даму мақсаттары мен бағыттарын түсіндіру. Институт қызметкерлерінің ғылыми жұмыстарын және ғылыми еңбектерін «Тұрақты даму мақсаттарына» байланыстыра отырып жазу, кілт сөздерді қолдануды көрсету.
- ◆ Жиында ең алдымен, Тұрақты даму мақсаттарын енгізу мен оған қол жеткізу кезеңдері БҰҰ өкілдері мен Қазақстан Республикасы үкіметі тарапының үнемі бақылауында болатыны жөнінде айтылды. Сондай-ақ, Тұрақты даму мақсаттарының 2030 жылға дейін таңдалған 17 негізгі бағыты жеке-жеке талқыланды.
- ◆ Іс-шара қатысушыларына әр тақырыптың өзектілігі мен маңызы жайлы ақпараттар берілді. Қызметкерлер ғылыми жұмыстар мен ғылыми еңбек жазу барысында Тұрақты даму мақсаттарының жоғарыда аталған бағыттарымен жұмыс істеуді үйренді.
- ◆ Жиын соңында қатысушылар өзара пікір алмасып, сұрақтарына жауаптар алды.

Y-Peer Ахмет Ясауи университетінде

Ахмет Ясауи университетінде Y-Peer еріктілер қозғалысы белсенді түрде жұмыс істейді. Y-Peer – бұл халықаралық жастар қозғалысы, оның негізгі мақсаты жастар арасында әлеуметтік, денсаулық, экология және құқық мәселелері бойынша білім беру мен ақпарат тарату болып табылады. Қозғалыс жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, оларды өз қоғамдары мен әлем үшін пайдалы істер жасауға ынталандырады.

Ахмет Ясауи университетіндегі Y-Peer қозғалысы университет студенттерінің жеке және кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады. Қозғалысқа қатысушылар жастардың құқықтарын қорғау, денсаулық сақтау, экологиялық мәселелер және басқа да маңызды салалар бойынша ақпараттық кампанияларды жүргізеді. Студенттер осы бағдарлама арқылы көшбасшылық, коммуникация және ұйымдастыру дағдыларын жетілдіріп, жастарға арналған түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады.

Y-Peer еріктілер қозғалысы университеттің оқу және ғылыми қызметімен тығыз байланыста жұмыс істейді. Қозғалыс аясында студенттерге тренингтер, семинарлар мен курстар ұйымдастырылады, олардың білімдері мен дағдылары жастардың проблемаларын шешуге бағытталған жобаларға қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, Y-Peer мүшелері университеттің ішкі іс-шараларына қатысып, жастардың денсаулығын сақтау, экологиялық таза өмір салтын насихаттау және әлеуметтік әділеттілік мәселелерінде белсенділік танытады.

Ахмет Ясауи университеті Y-Peer қозғалысымен бірге жастарды қоғамның әртүрлі мәселелеріне жауапкершілікпен қарауға, өз пікірін ашық айтуға және жаһандық деңгейде өзгеріс жасауға шақырады. Университет студенттері мен оқытушыларының осы қозғалысқа қосылуы олардың тұлғалық дамуына, көшбасшылық қасиеттерін арттыруға және қоғамға қызмет көрсету дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Y-Peer қозғалысы Ахмет Ясауи университетінде жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға және олардың жаһандық мәселелерге деген жауапкершілігін тереңдетуге бағытталған маңызды бастама болып табылады. Жалпы Қазақстандағы Y-Peer инстаграм сілтемесі арқылы толығырақ көре аласыз: <https://www.instagram.com/ypeerkazakhstan?igsh=bTZ1NWftbngya2Ju>

2024 жылы ІІ Қысқы мектеп аясында Халықаралық байланыстар апталығы ашылды. Іс-шараға университет басшылары мен оқытушы-профессорлық құрам қатысты. Ректор Жанар Темірбекова өз сөзінде Қысқы мектептің маңыздылығын атап өтіп, университеттің халықаралық стратегиясын күшейту қажеттігін айтты. Қонақ ретінде қатысқан ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы Түркі ынтымақтастығы мен Ясауи университетінің маңыздылығын атап өтті. Ол Түркістанның түркі әлемінің туризм орталығына айналатынын қуанышпен жеткізді. Ректор өкілі Пейами Баттал университеттің дамуындағы қолдау үшін Дархан Қуандықұлына алғысын білдіріп, алдағы уақытта бірлескен жобаларға сенім білдірді. Іс-шара семинарлармен жалғасты. Халықаралық байланыстар департаментінің директоры Фуркат Дадажанов Болон процесі мен жоғары оқу орындарын интернационаландыру тақырыбында баяндама жасады. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық және оның маңыздылығы туралы ақпарат берілді.

<https://old.ayu.edu.kz/archives/96384>

Т.Гаипов